



**Жаратылыстану-математика бағыты**  
**«Физика» пәні бойынша**  
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру**  
**бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**  
**тест спецификациясы**  
(2024 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсү үшін арналған тест:

**B010-Физика мұғалімдерін даярлау**

**B052-Жер туралы ғылым**

**B054-Физика**

**B056-Механика**

**B097-Өрт қауіпсіздігі**

**3. Тест мазмұны:**

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Тақырыпша</b>	<b>Оқыту мақсаты</b>
01	Механика	01	Кинематиканың негізгі түсініктері	<ul style="list-style-type: none"><li>- есептер шығаруда кинематика теңдеулерін қолдану және орын ауыстыру, жылдамдық, үдеудін графиктерін талдай білу;</li><li>- жылдамдықтар мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңына күнделікті өмірден мысалдар келтіру;</li><li>- қисықсызықты қозғалысты сипаттайтын шамаларды анықтау.</li></ul>
		02	Козғалыс занбары	<ul style="list-style-type: none"><li>- Ньютон занбарын түсіну және теңерекетті күшті табу;</li><li>- бүкіл әлемдік тартылымын түсіну;</li><li>- көкжиеекке бұрыш жасай және вертикаль лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың езгерісін анықтау;</li><li>- абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау.</li><li>- нақты есептерде графиктік және аналогтық әдістерді қолдану;</li></ul>
		03	Сакталу занбары	<ul style="list-style-type: none"><li>- сакталу занбарын білу;</li><li>- физикалық (тәуелсіз, тәуелді және тұрақты, басқарылатын) шамаларды анықтау және өлшеу нәтижесін өндеуде физикалық шамалардың өлшеу қателігін ескеріп жазу</li></ul>

				- есептеулер нәтижесіне негізгі өлшем бірліктер арқылы анықтау.
02	Молекула-кинетикалық теорияның негіздері	04	Молекулалық-кинетикалық теорияның негізгі қағидалары және олардың тәжірибелік негіздемелері	- МКТ –ның негізгі қағидалары мен идеал газ заңдылықтарын есептеулерде колдану;
		05	Идеал газдың молекулалық-кинетикалық теориясы . Изопроцесстер	- МКТ негізінде қысым үшін тендеуді алу, есеп шығаруда колдану; - идеал газ күйінің негізгі тендеуін колдану және изопроцесстер графиктерін ажырату
03	Термодинамика негіздері	06	Жылу мөлшері, ішкі энергия	- жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципі мен қолданылуын сипаттау;
		07	Газдың жұмысы, Термодинамика заңдары.	- термодинамиканың бірінші және екінші заңының мағынасын білу, есеп шығаруда колдану;
04	Электростатика	08	Электростатика	- электр өрісінің қасиетін талқылау және оның күштік сипаттамасын анықтау; - электр өрісінің қозғалыстағы зарядтарға әсерін анықтау; - гравитациялық және электростатикалық өрістердің қасиеттерін салыстыру; - конденсаторлар түрі; карапайым электр тізбегіндегі конденсатордың ролі.
		09	Тұрақты ток. Тізбек белгіне арналған Ом заңы	- толық тізбек үшін Ом заңын қолдану; қыска тұйықталудың салдарын білу; - ток көзінің ЭҚҚ-і мен ішкі кедергі ұғымын есеп шығаруда колдану; - сыртқы тізбектегі ЭҚҚ пен кернеу түсінің айырмашылығын анықтау; - тұрмыстағы электр құралдарының жұмыстық құны мен қуатына практикалық есептеулер жүргізе білу.
		10	Әртүрлі ортадағы электр тогы	- әртүрлі ортадағы электр тогының пайда болуын салыстыру; - электролиттердегі электр тогының пайда болу шартын эксперимент арқылы анықтау; - жартылай өткізгішті құралдардың қолдана білуі;
05	Электромагниттік құбылыстар	11	Магнит өрісі	-магнит өрісін сипаттайтын шамаларды білу; - сол қол ережесін қолдануды және зарядталған бөлшектердің қозғалысы мен тогы бар өткізгішке магнит өрісінің әсерін сипаттау; - магниттік материалдардың (магниттер, датчиктер, сейсометрлер, металл

				анықтаушы детекторлар) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану аясын талқылау; - жасанды магниттерді эксперимент жүзінде жинау және қолданылу аясын анықтау;
		12	Электромагниттік индукция	- магнит ағыны өзгеруі салдарынан электр қозғауыш күштің пайда болуын білу; - Ленц ережесін қолдана білу; - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін білу.
		13	Электромагниттік тербелістер мен толқындар	- электромагниттік толқынның пайда болуын және оның қасиеттерін анықтау; - еркін және еріксіз электрлік тербелістердің пайда болу шарттарын білу; - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру.
06	Айнымалы ток	14	Айнымалы ток	- физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен ЭКК-н максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттал, есеп шығара білу; - синусоидалы айнымалы ток немесе кернеуді гармоникалық функция түрінде көрсету; - тізбектелген R, L, C -дан тұратын айнымалы токтың электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуінің шамаларын есептеу; - айнымалы токтың активті және реактивті (кедергісі) қуаты ұғымының физикалық мағынасын білу; - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылу аясын анықтау; - трансформатордың орам санын эксперимент арқылы анықтау; - генератор үлгісін қолданып, айнымалы ток генераторының (реленің) жұмыс істеу принципін зерттеу.
07	Оптика. Салыстырмалық теориясының негіздері.	15	Жарықтың электромагниттік табиғаты, жарықтың толқындық қасиеттері және пайда болуы;	- Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың шағылу, сыну заңын қолдану; - призма арқылы өткен ақ жарықтың жіктелуін түсіну; - сфералық айнадағы сәуленің жолын салу және сфералық айнаның формуласын есептер шығаруда қолдану; - линзалар жүйесінде сәулелердің жолын салу; - әртүрлі радиустағы екі сфералық беттен тұратын жұқа линзының формуласын есептер шығаруда қолдану; - телескоп, микроскоп және лупада сәуле

				жолын салу.
		16	Жарық интерференциясы мен дифракциясын бақылау, жарық поляризациясы;	- екі көзде пайда болған интерференцияны зерттеу; - Гюйгенс принципін және толқындарда дифракциялық көріністі бақылаудың шарттарын түсіндіру; - жұқа қабықшаға түскен және шағылған жарықтардан пайда болған интерференциялық максимумдар мен минимумдарды бақылау шарттарын анықтау; - жарықтың толқын ұзындығын дифракциялық тордың көмегімен эксперимент арқылы анықтау.
08	Кванттық физика	17	Жарықтың корпускулалық және толқындық теориясы	- сәулелену көздерін және түрлерін топтастыру; - спектрлік құралдардың жұмыс істеу принципін және олардың қолданылуын білу; - электромагниттік сәулелену, олардың табиғатта пайда болуы мен затпен өзара әрекеттесуін ажырату; - Стефан-Больцман, Винн заңдарын және Планк формуласын абсолют қара дененің жылулық сәулеленуін сипаттау үшін қолдану және ультракүлгін апатты негіздеу.
		18	Фотоэлектрлік эффект. Фотоэффект құбылысын зерттеу	- фотоэффектінің табиғатын түсіну; - фотоэффект заңдарын, Эйнштейн теңдеуін есеп шығаруда қолдану; - жарықтың кванттық теориясы негізінде жарық қысымының табиғатын түсіндіру;
09	Атом ядроның физикасы	19	Электронның ашылуы. Атом құрылымын түсіндірудегі Резерфорд тәжірибесі	- атомның планетарлық моделін альфа бөлшектің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесіне сүйене отырып негіздеу; - Бор постулаттарына сүйеніп атомның орнықты қуйінің шартын түсіну; - сутегі атомының энергетикалық құрылымы негізінде сзызықтық спектрдің табиғатын білу.
		20	Радиоактивтілік	- радиоактивті ыдырау заны негізінде ядролық қалдықтарды ұзак сақтау себебінен аймақтың зақымданудың себептерін түсіну; радиоактивті ыдыраудың формуласын есептер шығаруда қолдану
		21	Ядролық бөлінүү мен синтездеу реакциясы	- $\alpha$ , $\beta$ және $\gamma$ сәулелерінің табиғатын, қасиеттерін және биологиялық әсерін білу; - атом ядронының байланыс энергиясын есептеу және меншікті байланыс энергиясының ядроның массалық санына

				тәуелділігін графиктік анықтау; - ядролық реакторлардың құрылышы мен жұмыс істеу принципін білу;
		22	Элементар бөлшектерді тіркеу әдістері	- элементар бөлшектердің толқындық табиғатының пайда болуы мен практикада қолданылуын менгеру.
10	Нанотехнология және наноматериалдар	23	Нанотехнология және наноматериалдар	- Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды аладың жолдарын түсіндіреді; Нанотехнологияның қолданылуын талқылайды;
11	Космология	24	Космология. Жұлдыздардың ғаламдық жүйесі. Жер топтарындағы планеталар және гигант-планеталар. Күн жүйесіндегі кіші денелер. Жұлдыздар әлемі. Жұлдыздарға дейінгі қашықтық. Айнымалы жұлдыздар.	- аспан денелеріне дейінгі қашықтықты анықтау; параллакс; - жұлдыздардың жарықтығы мен жарықтылығы; жұлдыздардың басты спектрлік класын зертту; - көрінерлік жұлдызың шама және абсолют жұлдызың шама ұғымдарын ақырату; - көрінерлік және абсолют жұлдызың шаманы анықтау үшін формулаларды қолдану

#### 4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Физика» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қыындығы:** Тест 3 қыындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (A) – 25%, екінші деңгейде (B) – 50%, үшінші деңгейде (C) – 25%.

**Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары** қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары** негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен корытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары** негұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды,

мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, курделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. **Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. **Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты қурайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті окуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. **Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау КР БФМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бүйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру үйімдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Жданов Л.С., Жданов Г.Л. Физика. Учебник для средних специальных учебных заведений.-М.: Наука,1986
2. Кронгарт Б.А., Кем В.И., Қойшыбаев Н. Физика / Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану–математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық/. Алматы: Мектеп,2014
3. Мякишев Г.Я., Буховцев Б.Б. Физика /Орта мектептің 10-сыныбына арналған оқулық/.- Алматы:Мектеп,2001
4. Сборник задач и вопросов по физике. Учебное пособие для средних специальных учебных заведений./Под ред. Р.А. Гладковой.- М:Наука,1988
5. Дондукова Р.А. Руководство по проведению лабораторных работ по физике. - М. : Высш. шк.,1984
6. Воронцов –Вельминов Б.А. Астрономия. -Алматы: Рауан, 1997
7. Прокофьев В.Л., Дмитриева В.Ф. Физика.-м., 1983
8. О.В. Янчевская Физика в таблицах и схемах, - Санкт-Петербург, 2005.
9. Степанова Г.Н. Сборник задач по физике –М.: Просвещение, 1995
10. Рымкевич А.П. Сборник задач по физике.-М.: Просвещение, 1990
11. Тульчинский М.Е. Качественные задачи по физике. М.: Просвещение, 1998
12. Кабардин О.Ф., Орлов В.А. Сборник экспериментальных заданий и практических работ по физике. - М.: Астрель, 2005
13. Перельман Я.И. Знаете ли вы физику? М.:АСТ, 2004
14. Хрестоматия по физике. Под ред. Спасского Б.И. -М. :Просвещение, 1982
15. Енохович А.С. Справочник по физике и технике. - М.: Просвещение, 1989
16. Кошкин Н.И., Ширкевич М.Г. Справочник по элементарной физике. - М.: Наука, 1988
17. Закирова Н.А., Аширов Р.Р., Физика/ Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. Астана, 2020 ж
18. Тұяқбаев С, Насохова Ш.Б., Кронгарт Б.А., М.Е.Әбішев. Физика жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағатымдағы 11-сыныбына арналған оқулық, Алматы, Мектеп 2020 ж

«КЕЛІСІЛДІР»  
Оқу-әдістемелік  
бірлестігінші торагасы

Айнур  
(қолы)  
БАРЫСТАУАУЫЛЫҚ  
ПЕДАГОГИКАлық  
КОМПЛЕКСІ  
«202 ж.

Кайриеса А.Ж.

(Т.А.Ә.)

«202 ж.



Айнур  
Кайриеса

Жасоғ